

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті
төрағасының 2019 жылғы 28 мамырдағы
№ 548 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 24 шілдедегі
№ 256 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар
енгізілген

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму министрінің
2021 жылғы 22 ақпандағы
№ 62 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар
енгізілген

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму министрінің
2021 жылғы 24 тамыздағы
№ 304 бұйрығымен өзгеріс енгізілген

**«Рухани жаңғыру»
қазақстандық қоғамдық даму институты»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

Нұр-Сұлтан, 2019 жыл

I. Жалпы ережелер

1. «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарының құру тәртібі мен құзыретін, қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелерді айқындайды.

2. Қоғам мемлекеттің жүз пайыздық қатысуымен коммерциялық емес акционерлік қоғамы нысанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 225 қаулысы негізінде құрылды.

3. Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің тұлғасында Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Қоғам акцияларының 100% мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі болып табылады (бұдан әрі - Жалғыз акционер).

4. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, өзінің дербес теңгерімі, банктік шоттары бар, өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады және жүзеге асыра алады, міндеттерді атқара алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

5. Қоғам коммерциялық емес (пайда табуды көздемейтін) ұйым ретінде құрылды, оның табысы тек Қоғамның дамуына пайдаланылады.

6. Қоғамның толық атауы көрсетілген мөрі бар. Қоғам өзінің атауы көрсетілген мөртабандар мен бланкілерге, сондай-ақ белгіленген тәртіпте тіркелген эмблемаға және өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қажетті басқа да деректемелерге ие болуға құқылы.

7. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңын (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін және осы Жарғыны басшылыққа алады.

8. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген тәртіпте оның мекенжайынан тыс жерде орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы Ереже негізінде Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша қызмет ететін филиалдарды (өкілдіктерді) құруға құқылы.

2. Қоғамның атқарушы органының атауы және орналасқан жері

9. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде - «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде - некоммерческое акционерное общество «Казахстанский институт общественного развития «Рухани жаңғыру»;

3) ағылшын тілінде - non-profit joint-stock company "Kazakhstan Institute of Public Development "Ruhani Zhangeru".

10. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде - «Рухани жаңғыру» ҚҚДИ» КЕАҚ;

2) орыс тілінде - НАО «КИОР «Рухани жаңғыру»;

3) ағылшын тілінде - NPJSC "KIPD "Ruhani Zhangeru".

11-тармақ Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрі міндетін атқарушының 2021 жылғы 24 тамыздағы № 304 бұйрығымен өзгертілді.

11. Қоғамның және оның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z05T9X8, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 11/5.

3. Қоғамның құрылтай құжаттары

12. Қоғамның құрылтай құжаты осы Жарғы болып табылады.

13. Барлық мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қоғамның Жарғысымен танысуға құқылы.

4. Қоғам қызметінің негізгі мәні мен түрлері

14-тармаққа Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 24 шілдедегі № 256 бұйрығымен өзгерту енгізілді.

14. Қоғам қызметінің негізгі мәні Елбасының «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласын (бұдан әрі - бағдарлама) ілгері жылжыту стратегиясын әзірлеуді және іске қосуды, бағдарламаны іске қосуға қатысатын барлық құрылымдарды талдамалық және әдістемелік сүйемелдеу, оның ішінде қоғамдық-саяси ахуалды мониторингілеу мен талдауды, азаматтық қоғамдағы үдерістердің болжауын қамтамасыз ету, ғылыми зерттеулерді жүргізу және мемлекеттік жастар және отбасылық саясаттың іске асырылуын әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру болып табылады.

15. Қоғамның негізгі қызмет түрлері мыналар болып табылады:

1) тармақша Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 22 ақпандағы № 62 бұйрығымен өзгертілді.

1) Қоғамның қызметін, сондай-ақ әзірлемелерін, оның ішінде теориялық және практикалық ғылыми зерттеулердің нәтижелерін көпшілікке тарату мақсатында журналдар мен мерзімді жарияланымдар шығару;

2) тармақша Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 24 шілдедегі № 256 бұйрығымен өзгертілді.

2) кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар шығару жөніндегі қызмет;

3) тармақша Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 24 шілдедегі № 256 бұйрығымен өзгертілді.

3) веб-порталдар құру, бірыңғай деректер базасын құру (статистика, әлеуметтанулық зерттеулер), отандық зерттеушілердің халықаралық деректер базасына қол жеткізуін қамтамасыз ету;

4) тармақша Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 22 ақпандағы № 62 бұйрығымен өзгертілді.

4) Қоғамды дамытуға бағытталған қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыру;

5) Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 22 ақпандағы № 62 бұйрығымен алынып тасталды.

6) басқа санаттарға енгізілмеген өзге де кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет;

7) Қоғам қызметі аясындағы халықаралық, республикалық және аймақтық конференцияларды, дөңгелек үстелдерді, семинарларды, іс- шаралар мен жарыстарды ұйымдастыру және қатысу;

8) тармақша Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 22 ақпандағы № 62 бұйрығымен өзгертілді.

8) халықаралық қызмет: ұқсас зерттеулермен айналысатын ғылыми мекемелер және талдау орталықтарымен халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру, сондай-ақ халықаралық ғылыми жобаларды іске асыру, ғылыми тағылымдамаларды, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру; бірлескен жарияланымдар дайындау; пікірталас алаңдарын ұйымдастыру;

9) азаматтық қоғам дамуының зерттеу мәселелерін жүзеге асыру: кешенді саяси

партиялар, кәсіподақтар, үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық кеңестердің және өзге де азаматтық институттарымен мемлекеттің өзара іс-қимыл проблемалары мен мәселелерін зерттеу, медиация кеңейту зерттеу, өзін-өзі бақылау үшін қоғамның қабілетін арттыру, ғылыми және ғылыми-әдістемелік үйлестіру еріктілер қозғалысы және еріктілерді ынталандыру тетіктерін дамыту;

10) және 11) тармақшалар Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 24 шілдедегі № 256 бұйрығымен алынып тасталды.

12) жастар саясатын іске асыру мәселелерін зерттеу: жастар саясатын іске асыруды ғылыми және әдістемелік қамтамасыз ету, «Қазақстан жастары» ұлттық баяндамасын әзірлеуді зерттеушілік сүйемелдеу, одан әрі ұлттың әлеуметтік-мәдени кодын және қоғамның рухани, адамгершілік құндылықтарды одан әрі қалыптастыру мақсатында тәрбиелік және ағартушылық жобалардың тиімділігін арттырудың ғылыми-негіздемелік шараларын әзірлеу;

13) қоғамдық жаңғыру мәселелерін зерттеуді жүзеге асыру: «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының нәтижелерін талдау мен және «100 нақты қадам» ұлт жоспарының қоғамдық-саяси басымдықтарын ғылыми-әдістемелік колдау талдау, ғылыми әзірleme жасау және әл-ауқат индексін енгізу бойынша шет елдің озық тәжірибесін енгізу шараларын әзірлеу;

14) отбасылық мәселелер бойынша зерттеулер жүргізу: отбасылық қатынастарды нығайту, отбасындағы дәстүрлі және озық заманауи білім беру нысандарын енгізу мәселелерін шешу жолдары бойынша ұсыныстар жасау;

15) тармақша Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 22 ақпандағы № 62 бұйрығымен алынып тасталды;

16) тақырыптық конференциялар, дөңгелек үстелдер және басқа да пікірталас алаңдарын, лекциялар мен семинарларды ұйымдастыру арқылы Қоғам жұмысының негізгі бағыттары бойынша сараптамалық қоғамдастықты жұмылдыру;

17) тармақша Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 24 шілдедегі № 256 бұйрығымен өзгертілді.

17) насихаттаушы мамандарды оқытуды, қайта даярлауды, біліктілігін арттыруды ұйымдастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі қызметінің негізгі бағыттары бойынша ағарту жұмысын ұйымдастыру, азаматтық сектор мамандарының құзыретін арттыру; мемлекет пен ҮЕҰ-ның өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру тетігі ретінде бейресми білім беруді дамыту;

18) тармақша Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 22 ақпандағы № 62 бұйрығымен алынып тасталды;

19) тармақша Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 24 шілдедегі № 256 бұйрығымен өзгертілді:

19) әлеуметтік желілерді пайдаланушылармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру, Қоғам міндеттерін ілгерілету үшін бейнеконтентті құру және тарату;

20) қоғамдық келісім, азаматтық қоғамды жаңғырту, азаматтық қоғам, жастар және отбасылық саясат саласындағы әдістемелік материалдарды, оқу материалдарын әзірлеу.

5. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары мен міндеттері

16. Қоғамның Жалғыз акционерінің мыналарға құқығы бар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Қоғамның Жарғысында айқындалған тәртіпте Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

3) Қоғамның тіркеушісінен немесе атаулы ұстаушысынан акцияларға оның жеке меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

- 4) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға;
 - 5) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;
 - 6) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салулармен жүгінуге және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде себептемелі жауаптар алуға;
 - 7) Қоғам таратылғаннан кейін қалған мүліктің бөлігіне;
 - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте акцияларды артықшылықпен сатып алуға құқығы бар;
 - 9) Жалғыз Акционердің заңнамада және осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.
17. Қоғамның Жалғыз Акционері мыналарға міндетті:
- 1) акцияларды төлеуге;
 - 2) он күн ішінде Қоғамның тіркеушісіне және аталған Акционерге тиесілі акциялардың атаулы ұстаушысына Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы хабарлауға;
 - 3) Қоғам немесе оның қызметі туралы, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;
 - 4) Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді атқаруға міндетті.

6. Қоғамның және Жалғыз акционердің жауапкершілігі

18. Қоғам өз мүлкі шегінде өзінің міндеттемелері бойынша жауапты болады.
19. Қоғам Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауапты болмайды және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оған тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.
20. Қоғам мемлекет міндеттемелері бойынша жауапты болмайды, сол сияқты мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауапты болмайды.

7. Қоғамның акциялары және басқа да бағалы қағаздары

21. Қоғам тек қана жай акцияларды шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Қоғамның жай акцияларды шығару, орналастыру, айналым және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен анықталады.
 22. Қоғамның акцияларын шығару құжаттамасыз нысанда жүзеге асырылады.
 23. Орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде Қоғамның орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі және құны туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.
 24. Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеуге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік жеке меншік объектілері құқықтары) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.
- Ақшадан басқа, өзге мүлікпен төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушымен белгіленген баға бойынша жүзеге асырылады.

25. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдері жүйесін жүргізуді Қоғамның және оның үлестес тұлғаларының үлестес тұлғасы болмауы тиіс, Қоғамның тіркеушісі

ғана жүзеге асыра алады.

26. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдері жүйесін жүргізу, сондай-ақ уәкілетті органға ол бойынша ақпаратты беру тәртібі Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңнамасымен анықталады.

8. Қоғамның органдары

27. Қоғамның органдары мыналар болып табылады:

- 1) жоғары орган - Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган - Басқарма;
- 4) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган - Ішкі аудит қызметі.

9. Қоғамның Жалғыз акционері

28. Қазақстан Республикасы заңнамасымен Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер Жалғыз акционермен жеке дара қабылданады және жазбаша түрде рәсімделуге жатады.

29. Жалғыз акционердің шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай шешімдерді қабылдау құқығына ие болатын Жалғыз акционердің органымен, лауазымдық тұлғаларымен немесе қызметкерлерімен қабылданады.

30. Олар бойынша шешімдер белгіленген тәртіпте мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органмен келісім бойынша қабылданатын мәселелер Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған:

1) тармақша Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 24 шілдедегі № 256 бұйрығымен өзгертілді:

- 1) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 2) Қоғамның Жарғысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 3) жарғылық капиталдың мөлшерін өзгерту;
- 4) Қоғамға барлық тиесілі активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін табыстау жолымен Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысу туралы шешім қабылдау;
- 5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақыларды төлеу және шығындарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 6) Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Директорлар кеңесімен қабылданған шешімдерді жою.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 24 шілдедегі № 256 бұйрығымен 30-1 тармақпен толықтырылды.

30-1. Тәуелсіз директор болып аталған акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры қызметінде болған жағдайды қоспағанда), осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатынасы жөнінен үлестес тұлға болып табылмайтын; аталған акционерлік қоғамның немесе осы қоғам ұйымының үлестес тұлғаларының лауазымды адамдарына бағынышты емес және директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде сол тұлғаларға бағынышты болмаған; мемлекеттік қызметші болып табылмайтын; осы

акционерлік қоғам органдарының отырысында акционердің өкілі болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай аудитор болмаған; аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы акционерлік қоғамның аудитіне қатыспаған және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған директорлар кеңесінің мүшесі сайлана алады.»;

31. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту, егер аталған Кодексті қабылдау Қоғамның Жарғысымен көзделсе;

2) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

5) Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта Қоғаммен акциялар сатып алынған кезде олардың құнын анықтау әдісіне өзгерістерді бекіту (егер ол Құрылтай жиналысымен бекітілмесе, әдістемені бекіту);

6) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін анықтау, оның ішінде егер де мұндай тәртіп Қоғамның Жарғысымен белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;

7) Басқарма Төрағасын және оның орынбасарларын лауазымға тағайындау және босату, өкілеттіктер мерзімін айқындау, Басқарма Төрағасына және оның орынбасарларына лауазымдық қызметақылардың мөлшерлерін белгілеу, еңбек ақы төлеу, сыйлықақы беру және тәртіптік жазаларды салу шарттарын анықтау;

8) Қоғаммен оның нәтижесінде оның активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінен елу және одан да көп пайыз сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылданған күні құны Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінен елу және одан да көп пайызды құрайтын мүлікті, оның нәтижесінде Қоғаммен сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын ірі мәмілені Қоғаммен жасасу туралы шешім қабылдау;

9) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау, сондай-ақ оларды өзгерту;

10) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

11) Заңмен және (немесе) Қоғамның Жарғысымен олар бойынша шешімдер Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

32. Олар бойынша шешімдерді қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жататын мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымдық тұлғаларының және қызметкерлерінің құзыретіне табыстауға жол берілмейді, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше көзделмесе.

33. Егер Жарғымен өзгеше анықталмаса, Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімін болдырмауға құқылы.

10. Қоғамның Директорлар кеңесі

34. Заңмен және (немесе) Қоғамның Жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Қоғам қызметінің жалпы басшылығын жүзеге асырады.

Егер де Заңмен және (немесе) Қоғамның Жарғысымен өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) тармақша Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 24 шілдедегі № 256 бұйрығымен өзгертілді;

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) Жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілген) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғаммен орналастырылған акцияларды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

5) Жалғыз акционермен алдын ала келісім бойынша Қоғамның ұйымдық құрылымын және штаттық санын бекіту;

6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

7) тармақша Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 22 ақпандағы № 62 бұйрығымен өзгертілді;

7) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сол сияқты олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, сонымен қатар Ішкі аудит қызметі туралы ережені бекіту;

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 22 ақпандағы № 62 бұйрығымен 7-1) және 7-2) тармақшалармен толықтырылды.

7-1) Ішкі аудит қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мен сыйақы төлеудің мөлшері мен шарттарын Жалғыз акционердің алдын ала келісімімен анықтау;

7-2) Қоғамның Басқарма мүшелерінің лауазымдық еңбекақы мөлшерін, төлем және сыйақы төлеу шарттарын Жалғыз акционердің алдын ала келісімімен анықтау;

8) тармақша Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 22 ақпандағы № 62 бұйрығымен өзгертілді;

8) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшы туралы ережені бекіту;

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 22 ақпандағы № 62 бұйрығымен 8-1) тармақшалармен толықтырылды.

8-1) корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын Жалғыз акционердің алдын ала келісімімен айқындау;

9) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларына төлеуге берілген немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтеріне ақы төлемінің мөлшерін айқындау;

10) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (атқарушы органмен Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды қоспағанда);

11) Жалғыз акционермен алдын ала келісім бойынша, Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

12) Жалғыз акционермен алдын ала келісім бойынша, Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындау туралы шешімдер қабылдау;

13) Жалғыз акционермен алдын ала келісім бойынша, Қоғаммен басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестері) сатып алу (иеліктен шығару) туралы шешім қабылдау;

14) тармақша Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 22

ақпандағы № 62 бұйрығымен өзгертілді;

14) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

15) Қоғам міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға көбейту;

16) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

17) тармақша Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 24 шілдедегі № 256 бұйрығымен өзгертілді;

17) ірі мәмілелерді және оларды жасауда Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешімдерді қабылдау, осы Жарғының 31-тармағының 8) тармақшасына және 54-тармағына сәйкес оларды жасасу туралы шешімді Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда;

18) Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 24 шілдедегі № 256 бұйрығымен 18-1) тармақшамен толықтырылды.

18-1) Қоғам омбудсменін тағайындау не оның функцияларын жүктеу, сондай-ақ омбудсмен туралы ережені бекіту;

19) Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын, Заңда және (немесе) Қоғамның Жарғысында көзделген өзге де мәселелер.

35. Тізбесі осы тараудың 34-тармағымен белгіленген мәселелер атқарушы органға шешу үшін табыстала алынбайды.

36. Директорлар кеңесі Қоғамның Жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқылы емес.

37. Директорлар кеңесі:

1) лауазымдық тұлғалар мен Жалғыз акционер деңгейіндегі мүдделердің әлеуетті жанжалдарын, оның ішінде Қоғамның жеке меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік бар мәмілелер жасалған кезде теріс пайдалануды қадағалауы және мүмкіндігіне қарай жоюы тиіс;

2) Қоғамда корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылауды жүзеге асыруы тиіс.

38. Жылдың қорытындылары бойынша Директорлар Кеңесі Жалғыз акционерге Директорлар Кеңесі туралы ережеде қарастырылған тәртіпте жасалған жұмыс туралы есеп ұсынады.

39. Атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алынбайды.

40. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кем дегенде 3 адамды құрайды. Директорлар кеңесі мүшелерінің кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Жалғыз акционердің Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы шешімінде Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінен кімнің тәуелсіз директорлар болып табылатыны көрсетілуі тиіс.

41. Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімі Жалғыз акционердің шешімімен айқындалады. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционер жаңа Директорлар кеңесін сайлау туралы шешімді қабылдаған сәтте аяқталады. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттіктерін

мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған, Жалғыз акционермен Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлаған жағдайда, соңғысының өкілеттігі жалпы алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімінің аяқталуымен бір мезетте аяқталады.

42. Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің санынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан дауыстардың көпшілігімен құпия дауыс беру арқылы сайланады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіпте:

1) Директорлар кеңесін басқаруға және оның тиімді қызметін қамтамасыз ету үшін жауап береді;

2) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді;

3) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді;

4) отырыстарда хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады;

5) Директорлар кеңесі мүшелерінің тиімді жұмысын және Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері және Басқармасы арасында конструктивтік қарым-қатынастарды қамтамасыз етеді;

6) тармақша Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 24 шілдедегі № 256 бұйрығымен өзгертілді:

6) Қоғамның Басқарма Төрағасымен Қоғамның атынан еңбек шартын жасасады;

7) Жалғыз акционерге жыл сайын Басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен көзделген өзге де функцияларды атқарады.

43. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған кезде, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша оның мүшелерінің біреуі жүзеге асырады.

44. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқармасының бастамасы бойынша немесе мыналардың:

1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;

3) Қоғамда аудит жүргізетін аудиторлық ұйымының;

4) Жалғыз акционердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

45. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібінде бар тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы Директорлар кеңесінің Төрағасына ұсынылады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы көрсетілген талаппен Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті болатын Басқармаға жүгінуге құқылы.

Директорлар кеңесінің отырысы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің Төрағасымен немесе Басқармамен шақырылуы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты ұсынған тұлғаны міндетті түрде шақырумен өткізіледі.

46. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру және өткізу тәртібі Заңмен айқындалады. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламалар

Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды қоса бере отырып, отырыс өткізілетін күнге дейін жеті жұмыс күннен бұрын кешіктірмей жіберілуі тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың күні, уақыты және отырысты өткізу мекенжайы, оның күн тәртібі, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшесі отырыста жеке қатыса алмаған жағдайда, оның күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламаны жіберу арқылы дауыс беру мүмкіндігі бойынша түсіндірме болуы тиіс.

47. Директорлар кеңесінің мүшелері бейнеконференцияны (интерактивті аудиовизуалды байланысты), конференцбайланысты (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефон арқылы кеңесу» режимінде бір мезгілде сөйлесу), сонымен қатар өзге де байланыс құралдарын пайдаланумен Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысына қатыса алады. Осындай отырыстарда қабылданған шешімдерді рәсімдеу тәртібі Директорлар кеңесі туралы ережемен айқындалады.

48. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

49. Директорлар кеңесінің отырысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу туралы жазбаша хабарламаларға сондай-ақ Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне бірыңғай нысан бойынша сырттай дауыс беру бюллетені қоса беріледі.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Қоғамның (оның атқарушы органының) толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізудің бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) толтырылған немесе қолы қойылған дауыс беру бюллетенін ұсынудың соңғы күні;
- 4) дауыс беруге қойылған нақты және бір мағыналы тұжырымдалған мәселе (мәселелер);
- 5) «қолдау», «қарсы», «қалыс қалу» сөздерімен айқындалған дауыс беру нұсқалары;
- 6) бюллетеньді толтыру тәртібі бойынша түсіндірмелер.

50. Директорлар кеңесінің мүшесі оның Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Директорлар кеңесінің Төрағасын 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын кешіктірмей хабарлауға міндетті. Отырыста болмаған Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің мәселелері бойынша жазбаша хабарлама арқылы дауыс беруге құқылы. Осындай дауыс берудің тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалады.

51. Директорлар кеңесі отырысының өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің санынан кемінде жартысын құрайды және бейнеконференцияны (интерактивті аудиовизуалды байланысты), конференцбайланысты (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефон арқылы кеңесу» режимінде бір мезгілде сөйлесу), сонымен қатар өзге де байланыс құралдарын пайдаланумен, сондай-ақ Директорлар кеңесінің отырысында болмаған мүшелерді есепке ала отырып (олардың жазбаша түрде берілген дауыстары бар болған кезде) айқындалуы мүмкін.

Осы тармақпен айқындалған кворумға қол жеткізу үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны жеткілікті болмаса, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) туралы мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығаруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері осындай мәселені Жалғыз акционердің қарауына тек шығару жөнінде шешімді қабылдауға құқылы.

52. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Қазақстан

Республикасының заңнамасымен немесе осы Жарғымен өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің шешімдері отырыста қатысқан Директорлар кеңесі мүшелері дауыстарының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

Дауыстар тең болған кезде Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық ететін тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі тек Директорлар кеңесінің мүшелері қатыса алатын, өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешімді қабылдауға құқылы.

53. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесімен Заңмен және Қоғам Жарғысымен белгіленген тәртіпті бұза отырып, қабылданған шешімді қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі оны сот тәртібінде дауласуға құқылы. Егер көрсетілген шешіммен Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған болса, Жалғыз акционер Қоғамның Директорлар кеңесімен Заңның және Жарғының талаптарын бұза отырып, қабылданған шешімді сотта дауласуға құқылы.

54. Қоғаммен оны жасасуға мүдделілік бар мәмілені жасасу туралы шешім, Қоғамның Директорлар кеңесімен осындай мәміленің үлгілік шарттары бекітілген кездегі жағдайларды қоспағанда, оны жасасуға мүдделі емес Директорлар кеңесінің мүшелері дауыстарының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық ететін тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум бар болған кезде танылады. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде рәсімделуі және Директорлар кеңесі Төрағасының және корпоративтік хатшының қолы қойылуы, сондай-ақ келесі мәліметтерді қамтуы тиіс:

- 1) Қоғам Басқармасының атауы мен мекенжайы;
- 2) сырттай отырыстың шешімін жазбаша рәсімдеудің күні мен орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;
- 4) отырысты шақыруды жүзеге асырған тұлғаны (органды) көрсету;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның бар/жоғы туралы жазба;
- 7) дауыс беруге қойылған мәселелер, және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсетумен олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 8) өзге де мәліметтер.

Шешімді рәсімдеу күнінен бастап жиырма күн ішінде ол аталған шешім олардың негізінде қабылданған бюллетеньдерді қоса бере отырып, Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

55. Қоғаммен оны жасауда мүдделілік бар мәмілені жасасу туралы шешімді Жалғыз акционер келесі жағдайларда қабылдайды:

- 1) егер Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып табылса;
- 2) Директорлар кеңесімен шешімді қабылдау үшін қажетті дауыстар санының болмауы салдарынан осындай мәмілені жасасу туралы шешімді қабылдау мүмкін болмаса.

Бұл ретте Жалғыз акционерге негізделген шешімді қабылдау үшін қажетті ақпарат ұсынылады (құжаттарды қоса бере отырып).

Қоғаммен жасалуында мүдделілік бар ірі мәмілені жасасу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

56. Директорлар кеңесінің оның көзбе-көз тәртіпте өткізілген отырысы барысында қабылданған шешімдері Директорлар кеңесінің мүшелерімен және корпоративтік хатшымен отырысты өткізу күнінен үш күн ішінде жасалып, қол қойылуы тиіс хаттамамен рәсімделеді және мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) отырыстың толық атауы мен мекенжайы;
- 2) отырысты өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нәтижелері;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламаны жолдау арқылы Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беруі туралы жазба;
- 8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

57. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдері, сондай-ақ қолдар бар бюллетеньдер Қоғамда сақталады.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған танысу үшін Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері ұсынуы және (немесе) оған өзінің қолы мен Қоғам мөрінің таңбасымен куәландырылған хаттама мен шешімдердің үзінді көшірмелерін беруге міндетті.

58-тармақ Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 24 шілдедегі № 256 бұйрығымен өзгертілді.

58. Аса маңызды мәселелерді қарау және директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуға тиіс.

Директорлар кеңесінің комитеттері келесі мәселелерді қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге мәселелер.

Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, осы тармақтың бірінші бөлігінде саналмаған мәселелерді қарау директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері директорлар кеңесінің мүшелерін және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіптік білімі бар сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесінің комитетін директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Тәуелсіз директорлар функцияларына осы тармақта көзделген мәселелерді қарау кіретін директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) болып табылады.

Атқарушы органның басшысы директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитет тек қана директорлар кеңесінің мүшелерінен тұруға тиіс.

Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы қоғамның директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжатында белгіленеді.

59. Жалғыз акционердің шешімі бойынша мемлекеттік қызметкерлер болып табылатын мүшелерін қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқару кезеңінде олармен Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын орындауға байланысты сыйақы төленуі және (немесе) шығыстар өтелуі мүмкін. Осындай сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері осы Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің шешімімен бекітіледі.

11. Қоғам басқармасы

60. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық етуді атқарушы орган - Басқарма жүзеге асырады. Басқарма мүшелері Қоғамның Жалғыз акционерімен тағайындалады.

